

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Қаржылық математиканың негіздері

2. Сабақтың мазмұны:

1. Қаржылық математиканың базалық түсініктері
2. Ақшаның болашақ және ағымдағы құны
3. Пайыздық мөлшерлемелерді есептеулер

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: қаржылық математиканың базалық түсінігін сипаттауды; пайыздарды есептеуді және тәсілдерді анықтауды сипаттау; инфляция әсерін ескере отырып, ақша қаражатын құнына бағалау жүргізу.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Пысықтау есептері

Есеп-1: Кәсіпорын банкпен 3000000 тг көлемінде несие алу туралы келісімге келді. Келісім мерзімі - 2004 жылдың 5 қаңтарынан 2004 жылдың 20 наурызына дейін. Жай жылдық пайыздық қойылым 15%-ға тең. Нақты күндер саны бойынша несиені пайдаланғаны үшін есептелген пайыздарды анықтау керек.

Есеп-2: Кәсіпкер 7 ақпанда банкке осы жылдың 14 мамырына дейін несие алу туралы өтінішпен келді. Банк жай жылдық 18% қойылыммен есептелетін несие берді. Банк бүкіл мерзім ішінде есептелетін ақша сомасын несие беретін кезде ұстап, 50 мың тг көлемінде несие берді. Қандай соманы қайтару керек, егер өсірілген пайыздарды есептеу нақты күндер саны бойынша болса және жылдың күндер саны 366-ға тең болса?

Есеп-3. Кәсіпорын 1 наурызда банктен 150 мың тг көлемінде несие алып, жылдың аяғында пайызбен қайтаруға уәде берді. Пайыздық қойылым жылына 26% тең, жылда 365 күн деп есептесе, жай пайыздарды есептеудің қай әдісі кәсіпорынға, қайсысы банкке тиімді?

Есеп-4: Қанша уақыттан кейін 5 мың тг көлеміндегі салым 6 мың тг дейін өседі, егер ақша сомасын өсіру жай пайыздар бойынша есептелсе және де жылдық қойылым 32% тең болса?

Есеп-5: Қолда бар ақша сомасын 2,5 есеге өсіру үшін қандай мерзімге салу керек, егер жай жылдық пайыздық қойылым 20% тең болса?

Есеп-6: Жарты жылға жылдық 28%-дық жай мөлшерлемемен 50 000 теңге көлемінде кредит берілді. Өсірілген соманы анықтаңыздар.

Есеп-7: Жоғары өнімді жылғы 2 наурыздан 11 желтоқсанға дейін жылдық 30%-бен 10 000 000 теңге көлемінде кредит берілді. Пайыздарды есептеудің әртүрлі нұсқалары (кәдімгі және нақты) үшін өсірілген соманың көлемін анықтаңыздар.

Есеп-8: 3,5 жылға 20 000 000 теңге көлемінде кредит беріледі. Бірінші жылға пайыздың мөлшерлемесі – 30%, ал әрбір келесі жарты жылға ол 1%-ға азайып отырады. Ұлғайтудың көбейткішін және өсірілген соманы анықтаңыздар.

Есеп-9: Егер пайыздың жылдық 28%-дық жай мөлшерлемесі пайдаланылатын болса, 25 000 000 теңге көлеміндегі бастапқы капитал 40 000 000 теңгеге өседі. Есептеу кезеңін анықтаңыздар.

Есеп-10: 24 000 000 теңге көлеміндегі бастапқы капиталды бір жылдан кейін 30 000 000 теңгеге жеткізетін пайыздардың жай мөлшерлемесін анықтаңыздар.

Есеп-11: Жылдық 26%-дық жай мөлшерлемені 250 күнге кредит беріледі. Қарызгер алатын соманы және егер 40 000 000 теңгені қайтару талап етілетін болса, пайыздық ақшаның сомасын есептеңіздер.

Есеп-12: Коммерциялық ұйым 5 жылдық мерзімге, пайыздық ставкасы жылына 20 % болатын, еркін ақша қорын 30 млн теңгені инвестициялауды шешті. Ақшаның болашақ құны анықтаңыздар.

Есеп-13: 5 млн тг ссуда күрделі пайыздар бойынша 4 жылға берілген. Пайыздар (20% жылдық) жыл сайын есептеледі және негізгі қарыз сомасына қосылып отырады. Жалпы қайтарылатын қарыз сомасын анықтау керек.

Есеп-14: Банк депозитке 8% номиналды пайыз есептейді. Салымның нақты табыстылығы пайыз (тиімді пайыз) есептегенде қандай болады: а) тоқсан бойынша; б) жартыжылдық бойынша.

Есеп-15: Клиент 36% жылдық пайыздық қойылыммен 100 мың тг 5 жылға банкке салды. Күрделі пайыздармен а) жыл; ә) жарты жыл; б) тоқсан; в) ай; г) апта; ғ) күн бойынша өскен соманы анықтаңыз. Жылда 360 күн деп есептеңіз.